

«БИКТИК, ҚАЙСАРЛЫҚ, БАЙСАЛДЫҚТЫ, ТЕК ҚАНА СЕНЕН АЛЫП ЖЫРЛАР ЕДІМ» (БАЙДІЛДА АЙДАРБЕКТИҢ ЛИРИКАСЫ ЖАЙЫНДА)

К.А. Жакибаева

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, корректор-маман
Алматы, Қазақстан. Email: kalipanur@mail.ru

Аннотация

Мақала Қазақстанда әлі де толық таныла қоймаған, бірақ өз жерінде, өз облысы, ауданында танымал, шығармаларын жергілікті оқырмандары сүйіп оқытын ақын Байділда Айдарбектің туған жер тақырыбына арналған өлеңдеріне ғылыми талдау жасау мақсатында жазылды. Оның шығармалары Қазақстанда тұңғыш рет талданып отыр. Ақын Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Қызыл көл бөлімшесінде дүниеге келген. Өлең жазуды бала кезден өзіне серік етті. Өлең, ән, драмалық дүниелер жазуға деген қызығушылығы мектеп қабырғасынан басталды. Ол - алты баланың әкесі, адал жар, парасатты ұстаз, шыншыл ақын. Өмірін ақындықпен қатар жас ұрпаққа білім беруге арнады. Зейнеткерлікке дейін түрлі аудандық мектептерде сызу мен сурет пәндерінен дәріс берді. Мақала туған жерді бала кезден сүйіп, соны өлеңдеріне арқау еткен ақын өлеңдерінің ерекшелігіне арналады. Оны қадірлеп, қастерлеудің қаншалықты маңызды екендігін ашып көрсетеді. Оның қойнауындағы байлықтары мен құндылықтарын жырға қосады. Жай ғана атап қана қоймайды. Адам баласы үшін маңыздылығы мен қасиеттілігін жырына қосады. Оның асқар тауы, жердегі тасы, балдай суының қасиетін айтып мақтанады. Туған жердің әрбір қатпар тастарында қаншама тарих тұнып жатқанын жырлайды. Тарих қойнауына үңіледі.

Түйін сөздер: Байділда Айдарбек, қазіргі қазақ поэзиясы, лирика, туған жер тарихы, Созақ ауданы

Кіріспе

Адам баласы өз туған жерінде өсіп, есейіп, білім алады. Бірақ сол жердің қаншалықты маңызды, қасиетті мекен екендігін ақыл тоқтатып, есейгенде, не шетте жүргенде түсінетін сияқты. Енді біреулер туған жерді бала кезден жырға қосып, оның қадір-қасиетін түсіне білді.

Байділда Айдарбектің шығармашылық жолы мектепте оқып жүргенде басталды. Алғашқы өлеңдері мектеп қабырғасында шығатын «Кірпі», «Ошаған» газеттерінде басылды. «Білмей-ақ қойсын соғысты сәбилер» атты өлеңі Кеңес кезеңінде шығатын аудандық «Молшылық үшін» газетінде жариялады.

Ол шын мәнінде реалист ақын болды. Шынайы өмірді, ашық суреттеуді, анық, нақты бейнелеуді сүйді. Тек шындықты, шыншылдықты жазды. Сол үшін де оның шығармаларын өз оқырмандары оқиды, іздейді. Сондай ақындардың бірі әдебиет әлеміне өзіндік сара жолын салған ақын – Байділда Жартайұлы Айдарбек. Созақ деген қасиетті жердің Қызыл көл бөлімшесінде өмір есігін ашып (1959 жылы туған), 10 жыл білім нәрімен сусындаған ақын Шымкент педагогика институты сызу және сурет мамандығын бітірді. 1981 жылдан 2021 жылдар аралығында сол ауданның әртүрлі мектептерінде білім беру жолында еңбек етті.



Оның өлең жазуға, ән шығаруға, тіпті драмалық дүниелер жазуға деген қызығушылығы мектеп қабырғасынан басталды. 5-6 жасында мектепке барып жүрген әпкелеріндей болуды армандап:

Мен мектепке барамын,
Күнде бестік аламын.
Жақсы оқып сабақты,
Космонавт боламын, - деп, өлең шығарыпты.

Мектеп қабырғасында шығатын «Кірпі», «Ошаған» газеттерінде тәртібі, үлгерімі нашар оқушыға арнап:

Әй, Аман, Аман,
Мінезің сондай жаман.
Жүргенің ылғи секіріп,
Алатының екілік.
Емтиханнан өте алмай,
Қалма орнында өкініп, -

деген әзіл-шыны аралас ескерту өлеңдерін де жазыпты. «Өлең әсер етті-ау деймін, сол оқушының тәртібі түзеліп, жақсы дос болып кеттік», - дейді Байділда.

Мақала туған жерді бала кезден сүйіп, соны өлеңдеріне арқау еткен ақын өлеңдерінің ерекшелігіне арналады. Оны қадірлеп, қастерлеудің қаншалықты маңызды екендігін ашып көрсетеді. Оның қойнауындағы байлықтары мен құндылықтарын жырға қосады. Жай ғана атап қана қоймайды. Адам баласы үшін маңыздылығы мен қасиеттілігін жырына қосады. Оның асқар тауы, жердегі тасы, балдай суының қасиетін айтып мақтанады. Туған жердің әрбір қатпар тастарында қаншама тарих тұнып жатқанын жырлайды. Тарих қойнауына үңіледі. Қаратау тауының биік шыңы Мыңжылқы жайылымына мың жылқы сыйып кететінін жырлайды. Жай ғана мың жылқы таудың етегінде не баурайында жайылады демейді, сол таудың басында мың жылқының еркін жайылатынын суреттеп көз алдына елестетеді. Сол таудың тарихи оқиғасына сүйене отырып, үңіле қарап, оның қаншалықты маңызды екендігіне шынайылықпен қарайды. Оны қастерлейтін ерекшелігі мен құндылығына тоқталады. Табиғаттың өзі берген сұлулығы мен әсемдігін ақын жаны түсініп, оны жырға қосады.

Дарынды тұлғалар өмірі мен шығармашылығы өзінің туған халқы тағдырымен, өркендеу тарихымен табиғи байланысты болады. Әрбір халықтың да генофонына саналатын ұлы тұлғалары болады. Оларсыз ол ұлттың рухани дамуы еш мүмкін емес. Байділда - рухани азық ретінде өлеңдерін туған еліне, халқына сыйлаған ақын. Туған жерді ардақтау, қастерлеуді ақын жаны ерекше сезінеді. Себебі, олар атамекенін сүюді ақындық шабытпен жеткізе алады. Туған жердің сұлулығын, байлығын, әсемдігін сезінеді. Туған жерді сүюді солардан үйрену керек. Сол ақынның бірі - Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Байділда Айдарбек.

Материалдар мен әдістер

Ақын дүние есігін ашқаннан туған жердің тарихын танып, біліп, жырға қосты. **Туған жерге** деген сүйіспеншілігін өлеңдері арқылы жеткізе білді. Мысалы, ақынның сол тақырыпқа арнаған «Қаратау» өлеңінде:

Жаралған әжім-әжім қатпар тастан,

Әр тасы, әр қатпары - тарих-дастан.

Шежіре - қарт Қаратау, қасиеттім,

Сырыңды жатырсың-ау ақтармастан, - деп, [1, 47]

туған жердің әжім-әжім қатпар тастарында қаншама тарих жатқанын жырлайды. Жай ғана ақ не қара тастар емес, әжім басқан тастар. Сол әжімдерде қаншама сыр, қаншама аңыз жатыр. Сол тастар арқылы тарихтың тереңдігін, көпжылдығына мән бергізеді. Тарих қойнауына үңіледі.

Жанына шабыт беріп, құйып өлең,

Естіген, көрген жанды сүйіндірген.

Мың жылқы басына еркін жайылатын,

Айналдым «Мыңжылқыдай» биігіңнен! [1, 47].

Таудың басында мың жылқының емір-еркін сыйып кететін, еркін жайылатын сипаттап береді. Мың жылқы таудың баурайында немесе етегінде емес, таудың басында жайылады. Бұл – пафос.

Этнос туралы мағлұмат тек оның тілдік қазынасында сақталады. Оның тұтас бейнесін анықтаумен байланысты этностың сонау балаң кезеңінен бастап бүгінгі ұлттық дәрежеге дейінгі кешірген өмір-тіршілігінің айнасы - тілі мен жады арқылы сақталған рухани-мәдени қазынасын анықтауды мақсат етумен байланысты қолданылған этностық болмыс ұғымы [2,15]. Сондай тақырыптағы өлеңдерінің бірі тарихқа негіз болған Келіншектауға арналған. Тауды анықтап қарасаң, байқалатын әрбір бейнеге көңіл аудартады. Солардың белгілі бір тарих, аңыздың куәсі екендігіне мән бергізеді.

«Келіншектау» - көш-керуен сәукелелім,
Гайыптан жан бітсе егер қайтер едің?..
Ғажайып бір-бір мүсін, бір-бір сурет,
Әр тасың, әрбір шыңың, әр кемерің [1, 47].

Сол таудың тарихи оқиғасына сүйене отырып, үңіле қарап, оның қаншалықты маңызды екендігіне шынайылықпен қарайды. Оны қастерлейтін ерекшелігі мен құндылығына тоқталады. **Табиғаттың өзі берген сұлулығы** мен әсемдігін ақын жаны түсініп, оны жырға қосады.

Бауырында асыр салып арқар-киік,
Шыңыңды алтын күн де атар сүйіп.
Төсіңнен көкке шапшып атылады,
«Көкбұлақ», «Балдысуым» қатар иіп [1, 47].

Сол таудың бауырынан көкке шапшып, сарқырай аққан екі өзенді жырына қосады. Қандай суреттеу! Көз алдыға керемет бейнелер елестейді.

Әр тасың саф алтыннан жаралғандай,
Жарасқан өр тұлғаңа далам қандай.
Үсті-ырыс, жері-күміс сендей тауды,
Әлемді үш айналсам таба алам ба-ай!-

деп, туған жердің адамға қаншалықты ыстық, жақындығын алға тарады. Оқып отырып, осыншама байлықты қойнауына жасырған Келіншек таудың қадір-қасиетін ұғасың. Платонның пікірінше, атаулар көмегімен қоршаған ортаның, яғни, табиғатты танып-білу танымдық құрылымның төменгі бөлігін құрайды, бұл процестің ең жоғары сатысы – байқап-бағдарлап, мән-мағынасын түсіне танып білу болып табылады [3,34].

Айбарлы, неткен асқақ тұлғаң сенің,
Күзеткен батыр сынды туған жерін.
Биіктік, қайсарлықты, байсалдықты,
Тек қана сенен алып жырлар едім.

Ақын бұл жерде тауды тек «биік, асқар тау» деп қана қоймай, оның биіктігін «асқақ тұлға, айбарлы» деп, ерекше суреттеп береді. Адам баласы бойындағы «асқақтық, биіктік» қасиеттердің қандай болатындығын тауды бейнелей отыра көрсетеді.

Еліме мақтан болған Қаратауым,
Керілген маңғаз, сұлу дара тауым.
Жаныма сенен алып қуат-шабыт,
Жырымның сенен алам әр арқауын.

Туған жерден жанына күш-қуат алған ақын жырының әр арқауын соған арнайды. Тауды тарихын этноспен байланыстырады. Көште кетіп бара жатқан сәукелелі келіншек пен оны ұзатып бара жатқан адамдар мүсіндеріне үңілтеді. Тура бір көш-керуенді, «ғажайып бір мүсін, суретті» көз алдыға елестетеді. Қаратауды «сұлу тау» деп қана емес, «керілген маңғаз, сұлу» тауым деп, сұлу да кербез, керілген сұлу бейнесін ойыңа оралтады.

А.Байтұрсынов «поэзиялық шығармаларды – дарынды сөз» деп атаған. Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқары ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғау - іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі», - дейді [4, 21]. Бұл - шығармалық талдау болып табылады.

Киелі мекен Созағым
Мәңгі шырқар әнім сен.
Жердің сәні, елдің бағы,
Тіршіліктің нәрі - сен.

Байділда қойнауы байлыққа толған киелі мекен Созақтың қасиетін айтып мақтайды. Адам баласына тіршілік нәрі болғанын айтып жырлайды. Ақын жаны мәңгілік мақтанып айтар туған жерге деген сүйіспеншілігін осылай береді.

Киелі-ау, топырағың, сырлы далам,
Қай ақын туған жерін жырламаған.
Асқақтап «Өрқақа» тұр етегінде,
Өз ана-қасиетті Бибімариям.

Туған жерге деген өзінің ықыласын жырламаған ақын жоқ шығар. Ақынның сезімі – шынайы. Тек шындықтан құрастырылған өлең - мәңгілік. Сондықтан Байділданың бойындағы ақындық дарындылық әсерлі де сезімге толы. Ол туған жерді шынайы сүйе білді.

Ырыс-құт толы алабың.
Топырағы киелі, жыр елі, күй елі,
Жаннаты сенсің ғаламның!
Әр күні – мереке, бақыт - той, береке.

Балалық, жастық шақ кезіндегі әр күннің шаттық, қуанышпен өтетін кезін жырға қосады. Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне – ақылға, қиялға, көңілге тірелетінін айтып былай деген еді: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [5, 151].

Әдебиеттің үш тегі – поэзия, проза, драма жанрларында қатар қалам тербеу кез келген қаламгерге тән қасиет емес. Ол үшін таланттылық, жан-жақтылық керек. Байділда - сондай ақын.

Ән кернеді Шағаны,
Жыр тербеді Шағаны.
Жүрегімді менің де,
Шабыт кернеп барады,-деп,

шығармашылық шабыттың жанын жай тапқызбайтынын, кезекті дүниеге келер шығарманың уақыты келгенін ескертеді.

«Қара мең», «Жұмаққа жетелер жол», «Тағдыр тәлкегі», «Неге?», «Коронавирус» атты драмалық шығармалары Қызылорда, Орал, Жамбыл облыстық драма театрлары, Шымкенттегі Ж.Шанин атындағы қазақ театры сахналарында қойылып, көпшіліктің назарына ілікті.

«Атымды адам қойған соң...», Иман - қой, ақыл - қойшы, нәпсі - бөрі», «Өзіне қол салудың күнәсі де, жазасы да өте ауыр», «Бала тәрбиесі отбасынан басталады», «Уран және у жұтқан ел», «Уран усыз болмайды, у жұтқан ел мұңсыз болмайды», «Киелі Қызылкөл тұз басқан өлі шұқырға айналмақ па?» сияқты проблемалық мәселелерді көтерген прозалық шығармалары да газет беттерінде, жеке шығармалар жинағында жарық көрді.

Өлеңдеріндегі кейіпкер әлемі көп жағдайда табиғат құбылыстарымен тығыз байланыста суреттеледі. Пейзаж арқылы көңіл күйді ұғу, түсіну сөз өнерінде мүмкін болмақ. «Қызылкөлім – көркемім» деген өлеңінде **туған жердің сұлулығын**

Қызылкөлім, жаралған нұр, арайдан,
Сәуле шашқан мөлдір таза шарайнам.
Шипа болып суың-тұзың, құмың да,
Жан дауасын сенен тапқан талай жан, -
деп жырлайды ақын.
Қызылкөлім, кербез-керім, көркемім.
Сен дегенде шалқып-тасып кетемін.
Мақтанышым, жақұт көлім өзінді,
Мәңгі жырлап, қастерлеумен өтермін, -

деп, ақын жүрегі туған жер, туған елге деген сүйіспеншілігін, сағынышын осылай жеткізеді. Туған жерді жырлағанда ақын жүрегі алабұртып, оған деген махаббатының соншалықты ыстық, ерекше екендігін айтады, оны жырлағанда жанын үзіп берердей күйге бөленеді.

Қызылкөлім, кербез-керім,
Мәңгі шырқар әнім сен.
Жердің сәні, елдің бағы,
Тіршіліктің нәрі сен.

Жай ғана көлдің беті тербеліп жатыр демейді, тербелген толқынын сұлу, кербез, сылқым келіншекті «керім» деп, көз алдына керілген кербез сұлудың бейнесін елестеткізе отырып, онымен салыстыра суреттейді.

Күміс судан ақ толқындар өрілген,
Қызылкөлім, неткен сұлу керім ең ...
Толықсыған келбетіңнен айналдым,
Ару қыздай жағаға кеп керілген...

деп, жағасын ұра соққан толқындарды аппақ күмістей жалтыратып, сол жағада керіле жүрген сұлуға теңейді.

Нәтижелер

«Сөз – көркем әдебиет тұрғысынан алғанда, жазушы, ақын әсем шеберлігінің материалы. Ол - көркем сурет, образ жасаудың сырлы бояуы. Оны жазушы таңдап, талғап пайдаланбаса, әдебиеттің эстетикалық қасиеті, тәрбиелік әсері барынша солғын, көркемдік сапасы төмен болады. Көркем шығарма тілі жалпыға ортақ тіл болумен қатар, эстетикалық сезімнің, бейнелі ойдың да тілі, сондықтан оған ерекше талғам қажет-ақ» [6, 48]. Табиғаттың экологиялық апатын, өзгерісін ақын жаны көріп, қиналады, жаны ашиды. Сол қиналысты Байділда көркем тіл, әсем шеберлікпен сипаттайды. Ақын тартылып бара жатқан көлдің жағдайын көре отырып:

Аяулы көлім, қашыпты-ау әбден ажарың,
Дәуренің тайып, тарқапты думан, базарың.
Сағынып, аңсап, өзіңді іздеп келіп ем,
Жүрегім жылап, қамығып кетіп барамын, - дейді.

Суы тартылып, ажары кеткен, бір кездегі жағасында думандатып, адамдар демалып жататын көлдің дәурені өткенін қынжыла жырлайды, экологиялық жағдайына үңіледі. «Қызыл көлден айрылсақ» деген өлеңінде:

Жаралы жүрек, көңілім жүдеп,
Қия алмай кетіп барамын.
Өзіндей енді, аяулы көлді,
Қай жерден іздеп табамын?...

дей отыра, көлдің суы тартылып, экологиялық апатқа ұшырап отырғанына жүрегі қан жылай жырлайды. Аяулы көлдің құрғап, тартыла бастағанын, халінің мүшкіл екенін айтып, ақын жүрегі ауырады.

Келген жан іздеп жанына рахат табатын,
Үйрегі ұшып, қаңқылдап қазы қонатын.
Ажарың қайда келбетті көлім, көріктім?
«Үшбасың» қайда тау тасты жарып ағатын.

деп, бір кездері елдің бағына жаралған көлдің тартылғанын, Арал қасіретін басынан кешіп отырға- нын ашына жазады.

Толқыны атып жағаға, асыр салған сазаны,
Қызыл көлден сән кетіп, тарқап барады базары.
Тапсырайық ұрпаққа Қызылкөлдей асылды,
Толқын атып, сазаны тулаған көл қалпында.

Балалар үйі өмірінен алынған «Қара мең» атты драмасы 2008 жылы өткізілген Республикалық «Жаңа драматургия» фестивалінде жүлдегер атанып, ең үздік пьесалар топтастырылған «Ұшқын» атты жинаққа енген.

Имандылық тақырыбында жазылған «Жұмаққа жетелер жол» атты пьесасы 2012 жылы өткізілген «Тәуелсіздік тұғырым» атты Республикалық байқауда бас жүлдеге ие болған. 2012 жылы өткен республикалық жабық байқауда «Жұмаққа жетелер жол» атты діни тақырыпта жазылған пьесасы бас жүлдеге ие болды. Діни экстремизм және лаңкестік туралы жазылған «Тағдыр тәлкегі», «Неге?» атты драмалары Тараз, Шымкент, Қызылорда қалаларында сахналанды. Пьесалары облыстық, аудандық театрларда қойылып келеді. 2019 жылы республика бойынша пьесалары ең көп сахналанған драматург атанды. 2020 жылы 1 маусым күні Халықаралық театр сыншылары

бірлестігінің ұйымдастыруымен «Коронавирус» атты драмасы республикамызда алғаш рет ZOOM платформасында көрерменге ұсынылды.

Байділда тарих қойнауына еркін кіріп, оның астарына үңіледі. Бұған дәлел Қарабура әулиге арнаған өлеңі еді. Ол тұлғаның қазақ өміріндегі алатын орнына ерекше мән береді.

Қарабура (шамамен XI-XII ғасырларда өмір сүрген) - оғыз-қыпшақ заманындағы діни қайраткер, әулие. Кіші жүздің Тама руынан шыққан. Шу, Талас, Сырдария, Еділ, Жайық өзендерінің бойында өмір сүрген. Қарабура сахара тұрғындарының арасында қалыптасқан өмір салттың шырқын бұзбай ислам дінін, оның наным-сенімдерін орнықтыруға ат салысқан [7,547].

Созағым тылсым сыр көп алабыңда,
Зарлы әнге «Ор Дуана» салады ма?
Сәмбі тал мазаратын жарып шыққан,
Киесі әділдіктің - Қарабура.

Тарихи жерлердің аталу тарихы мен сол жерлердің қасиетіне де мән береді. «Бабата» - орта ғасырлардан сақталған қала. Қыпшақ даласында ислам дінін таратудың үлкен орталығы болған. Кентті діни орталықа айналдырған адам – Ысқақ баб. Ол кісіні халық «Баб ата» деп атаған. Кент сол кісінің атымен аталады. Қазан төңкерісіне дейін осы жерде медресе жұмыс істеген [7,30].

Сыры мол талай арқау болған жырға,
Бабата, қасиетті-ау қорғаның да.
Атыңды әнге қосып келген қонақ,
Бас иген Ысқақ Баптың аруағына.

Шаға елі – археологиялық ескерткіштер атымен байланысты аталған жер атауы. Шаға ескерткіштері - көне дәуірлерден сақталған археологиялық ескерткіштердің үлкен тобы. Құрамына 3 қалашық, 2 қоныс және үлкен зират кіреді. Қаратау жотасының оңтүстік беткейінде, Түркістан облысындағы Шаға ауылының маңында орналасқан [7, 406].

Жырмен қарсы алып таңдарын,
Ұшырған алысқа биік арманын.
Рахмет саған, қасиетті Шаға елі,
Ардақтап жатқан ардағын,- дей келе,

Өз аулына шыққан ақынды құрметтеп, қадірлеп жатқан ауылдың кең пейілділігін, тазалығын мақтана жырлайды. Ауыл адамдарының ардақтап жатқан ақыны Жеңіс Қарғабаев еді. Ол - Кеңес Одағының Батыры Кеңес Рүстемовтің ерлігі жайлы дастанның, көптеген өлеңдердің авторы. Бұл дастан «Косомол - 69» бас бәйгесіне ие болды.

Теріскейім – жер жаннаты, сұлуым,
Маған қымбат әр түйірі құмыңның.
Гүл бағыңды күнде аралап жүрсем де,
Арқауы тек бір өзіңсің жырымның.

Таудың, үйдің күн түспейтін жағы (күнгейге қарама-қарсы жақ). Теріскей - солтүстік жақ, терістік [8, 802].

Теріскейім - кербез, керім, көркемім,
Сені көрсем, шалқып-тасып кетемін.
Кіндік қаным тамған жерім өзінді,
Мәңгі жырлап, қастерлеумен өтермін.

Ақын теріскейдей сұлу да кербез, кіндік қаны тамған жердің қасиетін айтады. Оны күнде көріп жүрсе де, туған жерге деген сағынышының өлмейтінін, өшпейтінін, қайта мәңгі жырлап өтуден, қастерлеп, қадірлеуден жалықпайтынын жасырмайды.

Алла жазып, атандық егеменді ел,
Егемендік алған ел кемелденер.
Осы күнді аңсаумен өткен екен,
Небір батыр, даналар, кемеңгерлер.

Елдің Алла қолдауымен өз алдына отау тігіп, еркіндігі өзінде болып, мойнынан қамыты шешілгенін, оны аңсап өткен ата-бабаларымыздың армандары орындалғанын жария ете жырлайды. Халық аңсап өткен тарихпен байланыстырады.

Байділда - тек ақын не драматург емес, сонымен бірге өз өлеңдерінің сөздеріне ән жазатын композитор. Аудандық «Теріскей таланттары» халық өнер фестивалінің сазгерлер байқауларында «Тал бесігім-Теріскей» және «Гүлдей бер, жайнай бер, Отаным!» атты әндері бас жүлдені иеленген. «Жастық шақ», «Қызылкөлім - көркемім», «Соңғы қоңырау», т.б. әндерін жергілікті әншілер жиі

орындап жүр. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында Алматы қаласында өткен фестивалде «Жастық шақ» атты әні 2016 жылдың «Ең таңдаулы әні» номинациясына ие болды.

Талқылау

Байділда - елдің жоғын жоқтап, мұңын көзімен көріп жырлайтын ақын. Тәуелсіз заманда жердің сатылуына қасқайып қарсы шығып, «Жер сатылса» деген өлеңде

Малды сатып үйренген, арды сатып,
Өңкей «шартық» тағы да жатыр шатып.

Ендігі арман-қалтасын қалыңдатпақ,

Қалған мұра бабадан - Жерді сатып, - деп,

Намыссыз, ақша үшін жерін сатқан опасыз ұрпақтар бойындағы қасиеттерді ашып айтады.

Сатпақ бопты бабадан қалған жерді

/Кімнен туды бұл сұм ой? Қайдан келді?/

Жерді сату ... Құдай-ау, сол болды ма?!

Шыққан шыңы Егемен алған елдің?...

Кімнен туды бұл сұм ой?Қайдан келді?

деп, байлыққа араны ашылған, көзін шел басқан ақшақұмарларды жермен жексен етеді. Егемендік алып, Тәуелсіз ел болдық деп, бөркімізді аспанға лақтырғандағы жетістігіміз осы ма?! Құлқыны үшін жерін сатуға арланбаған ұрпақтан түңіледі.

Есі түзу, ақыл – ой, санасы бар,

Қазақтығына олардың таласым бар....

Осыны айтқан шынымен қазақ болса,

Шыңғыс айтқан мәңгірттер дәл осылар.

Осылай нақты шешімін береді. Құлқыны үшін халқын, арын сатқан қазақты шенеп мінейді. Олардың бойындағы жанашырлық, бауырмалдық қасиеттердің мүлдем жоқтығын жазады. Олардың шын мәнінде опасыз, сатқын ұрпақ екендігін баса көрсетеді.

Мәңгірт қана саудалар баба жерін,

Мәңгірт қана таптатар баба көрін.

Түйсігі жоқ мәңгірттер қайдан білсін,

Қадірі мен қасиетін Қара Жердің.

Жерін сатқан ұрпақтың елдің қарғысына, жердің құсырына ұшыраарын айтып, жерсіз қалған ел өмірінің қараң қалатынын, барар жері, басар тауы қалмайтынын тілге тиек етеді.

Жерсіз мәнді дей алман бұл өмірді,

Музейге қой білегің, күрегінді....

Жерің жоқ па, көмілер көрің де жоқ,

Ит-құс мүжір шашылған сүйегінді....

Ел мұңын мұндайтын, жоғын жоқтайтын азаматтардың ел ішінде табылатынына сенеді.

Елді қайтсін мұңы жоқ, қарны тоқтар,

Шын азамат жеп-ішкен дәмін ақтар.

Намысты ұл алдымен өзін емес,

Мұңын мұндап халықтың, жоғын жоқтар.

деп, соларға сенім артады. Шын азаматтардың барына иек артады. Олардың батылдығына, ержүректі-лік қадамдарына сенеді. Елдің елдігін сақтар азаматтардың іс-әрекеттеріне қуанады.

Өздерінді Теріскей сағынуда,

Жетімсіреп, қамығып, жабығуда.

Нарық қысып, Қаратау шөгіп бірден,

Кең даланың тынысы тарылуда,- деп,

ерік-жігері мықты, саналы ұрпаққа арқа сүйейді. Олардың елді осындай тығырыққа тірелер қиыншы-лықтан алып шығарына сенеді.

Уақыт шіркін аямай тасын мүжіп,

Жатыр мұнда бар байлық жасырынып.

Өз байлығы еліне жетер еді,

Қазар болса қалталы батыл жігіт.

деп, еліне, жеріне қорған болар тұлғаның болатынына үлкен үмітпен қарайды. Сондай азаматтың білек сыбанып шығатынына сенеді, иек артады.

«Уран және у жұтқан ел», «Уран усыз болмайды, у жұтқан ел мұңсыз болмайды», «Киелі Қызылкөл тұз басқан өлі шұқырға айналмақ па?», т.б. тәлім-тәрбие, имандылық сондай-ақ **экологиялық тақырыптарда** жазған өткір мақалалары Республикалық, облыстық баспасөз беттерінде жарияланған. «Созағымда уран дәуірі басталды» деген өлеңінде уранның, ешқандай сақтандыру шаралары пайдаланылмай-ақ жер астынан ашық түрде алынуы туралы былай көрсетеді.

Құрық-шұрық тесіліп жер қатпары,

Созағымда уран дәуірі басталды.

Уранға Одақ сотталғанды салушы еді,

Орнын басты бүгін Созақ жастары,-дей келе,

сол жұмысқа жастардың жанын аямай жұмыс істеп жатқанын тілге тиек етеді. Уранның адам ағзасына зияны бар ма, жоқ па, оны ешкім тексермейтінін ашына суреттейді.

Шынымен-ақ жоқ па уранның залалы!?

Ес жия алмай жұмбағы мол өлімнен,

Қыршын жастар кетіп жатыр өмірден.

Уға айналды ішіп жатқан суымыз,

Ана-бала өлімі де көбейді,

Өзін асу ... Өзін-өзі өлтіру

Өлім, өлім ... құнын кім кеп төлейді?

Ақын жаны осындай әділетсіздіктерді сезіп бозторғай болып шырылдайды.

Бозторғай, шырылдайсың жерге қонбай,

Болысар саған күш бар менде қандай!?

Сен маған мұңыңды айтып шырылдайсың,

Төменде кім тыңдайды. /Керендер көп.../

деп, заманның әділетсіздігіне, соны көрер көздің, тыңдар құлақтың жоқтығына қарны ашады.

М.Әуезов «Абай» монографиясында «Халықты тәрбиелейтін анық ұстаздық сөз - өлең» деп қарайды [9, 127]. Байділда өзінің адамды тәрбиелейтін ұстаздық сөздерін өлеңдері арқылы жеткізе білді. «Адалдық қана жауласыншы жүректі» деген өлеңінде:

«Сіз бен біз» ғана қалады мынау өмірде,

Түсірмейікші кірбің-дақ таза көңілге.

Сүйіспеншілік, махаббат, аңсау, сағыныш,

Құрсыншы билік жүректің мәңгі төрінде .

Барша адамзаттың түзу боп пейілі, сәлемі,

Болсыншы бәрі ақ көңіл, таза, әдемі.

Адалдық қана жаулап ап барша жүректі,

Сұлулық қана бассыншы бүкіл әлемді.

дей келе, адамдарды бір-бірін қадірлеуге шақырады. Бір-біріне деген пейілі таза болса, адамдардың жүрегін тек адалдық жауласса екен деген ақындық тілегін жеткізеді. Ақын сөзі адам санасына адамдық пен азаматтықтың ұрығын себуге қызмет етеді. Азаматтықтың даңғыл жолындағы кездесетін сұраққа жауапты адам баласы ақын мұраларынан табады.

Көңіліме ой салар ән-күйдің рахаты денемді кернегенде ыстық та мөлдір суға бас қойғандай болам», - дейді Абай [10, 180]. Байділда - көңілге түрлі ой салар әндердің авторы. «Қызылкөлім – көркемім», «Киелі мекен Созағым», «Қызылкөлім - аяулым», «Асыл әкем», «Анашым», «Қарындасыма», «Асыл жарымсың», Қалықтап ұшқан ән едің!» «Асыл достар», «Соңғы қоңырау әні», «Жастық шақ», «Арман-ай!», «Нәзира», «Сен», «Есімің кім, қалқатай?», «Жаса, жаса, махаббат!», «Ұйықта, күнім», «Мектеп бітіруші түлектер» әндерін жарыққа шығарып, олар көпшілік сүйіп айтар әнге айналды. «Жастық шақ» әні «2016 жылдың ең таңдаулы әні» болып танылды.

Рухани білім дегеніміз – рух туралы, оның қасиеттері мен жаратқандары, олардың өзара байланысы туралы білім. Бұл – толық білім. Рухани жоғары дәрежедегі адамдар өмір хикметтерін жүрек арқылы қабылдап, білімді жүрек арқылы алады [11, 56].

Сенім атты сәйгүлікті баптаңдар,

Арман-шыңға шықпай тыным таппаңдар.

Үлкен сенім артады ел сендерге,

Сендер де елдің сол сенімін ақтаңдар.

Шындық билік құру үшін қоғамда,
Шын бақытқа жету үшін адамдар,
Болашақтың бақшасының кірпішін,
Осы бастан орнықты етіп қалаңдар.

Тұлға – елге, ұлтқа қызмет жасаған, сөйтіп халықтың сүйспеншілігіне бөленген жаратылысы айрықша жан. Ол - адамдық қасиеттерін бойына жинақтаған адам. Кейбір шығармаларда «тұлға» сөзі кездеспесе де, тұлға болудың компоненттері жан-жақты айтылады. «Толық адам» ілімі – соның көрінісі [12, 14] Осындай тақырыпқа арнаған өлеңдерінің бірі

Халқын үшін қайыстың, майыстың да, сынбадың,
Отын үрлеп намыстың, шарболаттай шыңдалдың.
Ақтық демің біткенше «қазағым» деп, «ұлтым» деп,
Жоғын жоқтап халықтың, елдің мұңын мұңдадың.

Ресей авторларының пікірінше, «художественные произведения включают в себя изображение родной природы во всей её красе, исторических событий и достижений родного края, страны, образы народных героев, которые представляют идеалы народа, наделены лучшими нравственными и физическими качествами, поэтому являются наиболее влиятельными в формировании у обучающихся культуры патриотизма» [13, 17]. Олар туған жер сұлулығын, тарихи оқиғалар мен ел жетістігін мақтана жырлап, оны бүкіл әлемге жария етудің маңыздылығын айтады. Байділданың шығармалары да туған жердің тарихи оқиғаларын біле отырып, оның сұлулығына тамсанып, сол жерден шыққан батырлар мен ауыз толтырып айтуға тұрарлық тұлғаларын мақтауға арналады, оларды кейінгі ұрпаққа үлгі етеді.

Жалпы ақын поэзиясын сараптай келе, «контент - анализ научных педагогических работ по теме исследования показал, что проблема патриотизма и патриотического воспитания подрастающего поколения рассматривается в разных странах (например, таких как Россия, Китай, США) как одна из важных для существования и развития государства, общества и личности гражданина – патриота своей страны» [14, 298] деген даналық ойды қорытындылай келе, өз елін, туған жерін ынты-шынтасымен, шын ниетімен сүйетін ақынның шығармалары таза жүректен шығады. Туған жерді сүюді тек ақын ғана өз өлеңдері арқылы білдіреді. Ол - ақын жүрегінен шыққан жалынды сөз, жарқын тілек.

Раджбанши халқы поэзиясының тамыры салт-дәстүрге сіңіп, сол халықтың өсуі мен дамуына, қазіргі поэзияның дамуына да оң әсерін тигізген. «Поэзия раджбанши уходит своими корнями в народные и устные традиции общины, но современная поэзия раджбанши развивается в результате исторического сознания общины. Наряду с притягательностью народных традиций, современная поэзия раджбанши впитывает в себя сильную память, связанную с культурной и исторической географией королевства Камата. Панчанан Барма, предшественник движения раджбанши Хастрия, считается первым современным поэтом-реалистом в литературе раджбанши» [15,3]. Байділда поэзиясы да халықтың түп тамырынан нәр алып, келер ұрпақ мұрасына айналары сөзсіз. Ақын халық дәстүрі, тарихы, тағдырымен сусындай отырып, өзінің бойында ұрпақ парызын сіңіреді. Ол - елдің, туған жердің қадір-қасиетін ұғынып, адамзатқа жария ету. Туған жердің қасиетін ұққан шығармашыл тұлғалар, ол мейлі ақын, прозашы, жазушы болсын, осылай жырлайды, жазады, көркем сөзбен оқырманға жеткізеді. Бұл - олардың ерекшелігі.

Байділда шығармаларын тақырыптары бойынша жіктеп, мектеп, колледж, ЖОО тыңдаушылары арналған оқулық, оқу құралы шығарылса деген ұсыныс білдіреді. Сонымен қатар шығармаларының оқу орындары, бала бақшалардың қазақ және орыс топтарында қазақ әдебиеті, әдебиеттік оқу бағдарламалына енгізілгені дұрыс деп санаймын. Менін көзқарасымша, оның шығармаларын (өлеңдері, дарамалық шығармалары) мектеп, колледж, ЖОО оқытылатын әдістемелік аспектіде талдап, оқыту әдістемесі шеңберінде баспаға шығарылса жөн болар еді.

Қорытынды

Байділда шығармаларының тақырыбы - жан-жақты. Ақын шығармалары туған жерге деген ыстық ықыласыңды, адал таза ниетінді оятады. Шығармалары арқылы туған жерді, елінді сүюдің

қасиетін ұғасың. Ол үшін ақынның туған жерге деген өлеңдеріне мән беріп, сүйіп оқу керек. Сонда ғана оның не айтпақ болғанын түсінесің. Туған жерге деген ақын жүрегін сезесің.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айдарбеков Б. Жүрегім, саған жүгіндім. Өлеңдер жинағы. 1, 2 – бөлім, Алматы. «Телеарна», 2009. - 260 б.
2. Баймұханбетова М. Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы тілдік дәстүр жалғастығы (когнитивтік аспектіде). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2008. – 144 б.
3. Платон. Письма – М., 1972, - Т. 3. – С 343.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, Жазушы, 1989. - 320 б.
5. Худайбергенов Н.Д. Ескен Елубаев поэзиясындағы ұлттық құндылықтар жүйесінің көркемдік ерекшеліктері. "Керуен" ғылыми журналы. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, № 3(76), 2022, 149-160
6. Ержанова С. Сөз мәдениеті және көркем мәтін. Монография. Алматы, «Дәстүр», 2015, - 232 б.
7. Аяған Б. Қазақстан ұлттық энциклопедия. 2 - том (Ә - Г), 5 - том (Қ - Қ), 9 - том (Ұ-І) Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999, 2003, 2007
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Тіл комитеті. Алматы: «Дайк - Пресс», 2008, – 968 б.
9. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). – Алматы. «Санат» баспасы. 1995. - 320 б.
10. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. Құрастырғандар: тарих ғылымдарының докторы Л. Әуезова, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор М. Мырзахметов. Алматы. «Санат». 1997. - 448 б.
11. Омаров Д. Абайдың рухани мұрасы немесе данышпан берген салауатты өмір тағылымы. (Өңделген екінші басылым), дүниетаным, Алматы, ЖШС Лантар Трейд, 2020. - 241 б.
12. Құлбарақ С. Абай шығармаларындағы тұлға, адамдық мәселелері. ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті тарапынан 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландырылатын «Көне түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі» тақырыбындағы жоба аясында ұйымдастырылып отырған «Толық адам» тұжырымының жазба мұраларда берілу сипаты» атты халықаралық дөңгелек үстел материалдары. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, 2021, 14 - 19 б.
13. Выршиков А.Н., Кусмарцев М. Б., Лутовинов В.И. Концептуальные основы патриотического воспитания учащейся молодежи. Волгоград: ПринТerra, 2007. 40 с.
14. Никонova Н.И., Залуцкая С.Ю. Патриотическое воспитание обучающихся-билингвов на занятиях по литературе: диалог культур // Перспективы науки и образования. 2022. 2 (56). С. 288-301. doi: 10.32744/pse.2022.2.17
15. Mazumdar G. Topophilia and Indigenous Belonging: Spatial Memory in Rajbanshi Poetry. *Rupkatha Journal*, Vol. 14, No. 2, 2022. Pp. 1-11.

«Высоту, упорство, серьезность взял бы я у родной земли» (о лирике Байдильды Айдарбека)

К. А. Жакибаева

Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Email: kalipanur@mail.ru

В статье проводится научный анализ стихотворений современного казахского поэта Байдильды Айдарбека, которые еще не получили полного признания в Казахстане, но хорошо известны на своей земле, в своем районе, признаны местными читателями. Творчество поэта впервые исследуется в Казахстане. Поэт родился в Сузакском районе Южно-Казахстанской области. Сочинением стихов он увлекался с детства. Интерес к написанию стихотворений, песен, драматических произведений проявился у автора со школьной скамьи. Он отец шестерых детей, верный супруг, мудрый учитель, искренний поэт. Наряду с поэзией, он посвятил свою жизнь педагогической работе. До выхода на пенсию Байдилда Айдарбек преподавал черчение и рисование в школах родного района. Давая описание особенностей творчества поэта, который с детства любил родную землю и посвящал ей свои стихи, автор статьи с благоговением цитирует его стихотворные строки о

родной природе, ландшафтах родного края, глубинах истории истории и человеческих судеб. Автор считает, что глубокая и проникновенная лирика поэта должна найти своих новых исследователей и благодарных читателей.

Ключевые слова: Байдильда Айдарбек, современная казахская поэзия, патриотическая лирика, история родного края, Созакский район

**"I would take height, perseverance, seriousness from my native land"
(about the lyrics of Baydilda Aidarbek)**

Kalipa A. Zhakibayeva

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: kalipanur@mail.ru

The article provides a scientific analysis of the poems of the modern poet Baydilda Aidarbek, which have not yet received full recognition in Kazakhstan, but are well known on his land, in his area and recognized by local readers. The poet's creativity is being studied for the first time in Kazakhstan. The poet was born in the Suzak district of South Kazakhstan region. He was fond of writing poetry since childhood. The author showed interest in writing poems, songs, and dramatic works from school. He is the father of six children, a faithful husband, a wise teacher, a sincere poet. Along with poetry, he devoted his life to pedagogical work. Before retiring, he taught technical drawing and painting in various schools in his native district. Giving a description of the features of the poet's work, who loved his native land from childhood and dedicated his poems to it, the author of the article reverently quotes his poetic lines about his native nature, the landscapes of his native land, the depths of the history and human destinies. The author believes that the poet's deep and soulful lyrics should find their new researchers and grateful readers.

Keywords: Baydilda Aidarbek, modern Kazakh poetry, lyrics, history of the native land, Sozak district

References

1. Aidarbekov B. Zhyregim, sagan zhygindim. Өлender zhinagy. [My heart, I turned to you. Collection of poems. Parts 1, 2]. Almaty: Telearna, 2009. 260p. [in Kazakh]
2. Baimukhanbetova M. Abai men Shəkarim shygarmalaryndagy tildik dəstyr zhalgastygy (kognitivtik aspektide). [Continuation of the linguistic tradition in the works of Abai and Shakarim (in the cognitive aspect). Dissertation prepared for the degree of candidate of philological Sciences]. Almaty, 2008. 144p. [in Kazakh]
3. Plato. Pis'ma [Letters]. M., 1972, Vol. 3. – 343p. [in Russ.]
4. Baitırsynov A. Shygarmalary [Works]. Almaty: Zhasushy, 1989. - 320 p. [in Kazakh]
5. Khudaibergenov N.D. Esken Elubaev poehziyasındagy ылtyk қындylyktar zhyiesinin kerkemdik erekshelekteri. [Artistic features of the system of national values in the poetry of Esken Elubaev]. Scientific journal "Keruen". M.O.Auezov Institute of literature and art, №3(76), 2022, pp.149-160 [in Kazakh]
6. Yerzhanova S. Səz mədenieti zhəne kerkem mətin [Culture of the word and literary text]. Monograph. Almaty, "Dastur", 2015, - 232p. [in Kazakh]
7. Ayagan B. Qazaqstan ulttyk ehntsiklopediya. 2 - tom (Ə - G), 5 - tom (K - K), 9 - tom (Y-I) [National Encyclopedia of Kazakhstan. Volume 2 (b-d), Volume 5 (K - K), Volume 9 (N - I) Almaty: General editorial office of the "Kazakh encyclopedia", 1999, 2003, 2007 [in Kazakh]
8. Qazaq tilinin tysindirme sөzdigi. [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. Ministry of Culture and information of the Republic of Kazakhstan, Language Committee. Almaty: Daik-Press, 2008. 968p. [in Kazakh]
9. Auezov M. Abai Қынанбаев. Monografiyalyk zertteuler men makalalar [Abay Kunanbayev. Monographic research and articles (compiled and published by N. Akbayev). Almaty. Publishing house "Sanat". 1995. 320p. [in Kazakh]
10. Auezov M. Abaitanu dəristerinin derek көzderi. [Sources of Abay studies lectures. Compiled by Doctor of historical sciences L. Auezova, laureate of the State prize of the Republic of Kazakhstan, professor M. Myrzakhmetov]. Almaty: "Sanat". 1997. 448p. [in Kazakh]
11. Omarov D. Abaidyn rukhani myrasy nemese danyshpan bergen salauatty өmir tagylymy. (Өndelgen ekinshi basylym), dynietanym [The spiritual heritage of Abai, or the lessons of a healthy life given by a sage. (Edited second edition), worldview]. Almaty, LANTAR Trade LLP, 2020. 241p. [in Kazakh]
12. Kulbarak S. Abai shygarmalaryndagy tulga, adamdyk мәseleleri. [Personality, human problems in the works of Abai]. Materials of the international round table "The nature of the transfer of the concept of "complete man" in written Heritage", organized by the committee of Science of the Ministry of education and science of the Republic of

Kazakhstan within the framework of the project on the topic "System of concepts in the worldview of ancient Turks", funded by grants for scientific and (or) scientific and technical projects for 2021-2023. Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan, Kazakh National Women's teacher training University, Almaty, 2021, pp. 14 - 19. [in Kazakh]

13. Vyrshchikov A.N., Kusmartsev M. B., Lutovinov V.I. Kontseptual'nye osnovy patrioticheskogo vospitaniya uchashcheisya molodezhi. [Conceptual foundations of patriotic education of students]. Volgograd: PrinTerra, 2007. 40p. [in Russ.]

14. Nikonova N.I., Zalutskaya S.Yu. Patrioticheskoe vospitanie obuchayushchikhsya-bilingvov na zanyatiyakh po literature: dialog kul'tur [Patriotic education of bilingual students in literature classes: dialogue of cultures]. Prospects of science and education 2022. 2 (56). Pp. 288-301. doi: 10.32744/pse.2022.2.17 [in Russ.]

15. Mazumdar G. Topophilia and Indigenous Belonging: Spatial Memory in Rajbanshi Poetry. *Rupkatha Journal*, Vol. 14, No. 2, 2022. Pp. 1-11.

АВТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жакибаева Калипа Аманбаевна - ғылыми басылымдар мониторингі бөлімінің корректор - маманы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекенжайы: 050000, Қазақстан, Алматы қ., Гоголь к. 114, 1- корпус; kalipanur@mail.ru

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРЕ

Жакибаева Калипа Аманбаевна – специалист-корректор Отдела мониторинга научных изданий, Казахский национальный женский педагогический университет. Адрес: 050000, Казахстан, г.Алматы, ул. Гоголя 114, корпус 1; kalipanur@mail.ru

INFORMATION ABOUT THE AUTHOR

Kalipa A. Zhakibayeva - proofreader-specialist, Department of Monitoring of scientific publications, Kazakh National Women's Teacher Training University. Address: 050000, Kazakhstan, Almaty, Gogol St. 114, Building 1; kalipanur@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Received 13.12.2022

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted 27.12.2022